



Тауарларды сатып алу туралы шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "КазТрансОйл" акционерлік қоғам атынан _____, негізінде қызмет ететін _____, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан _____, негізінде қызмет ететін _____, екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Тауарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге және Тапсырыс берушінің иелігіне тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындаған кезде осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жеткізуші Тапсырысшыға атауы (-лары), техникалық сипаттамалары, саны, бағасы (-лары), жеткізу орны (-дары) мен мерзімі (-дері) Шартқа №№1,2 қосымшаларда көрсетілген Тауарды жеткізуге міндеттенеді.

1.3. Жеткізілетін орынның мекенжайы Шартқа №1 қосымшада көрсетілген. Тауарды жеткізу DDP «Межелі орын» (INCOTERMS-2010) Шарттары бойынша жүргізіледі.

1.4. Жеткізуші өзі жеңімпаз болып танылған қатысуға арналған өтінімінде (оның баға ұсынысында) көрсеткен сипаттамаға және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларына сәйкес Тауарды жеткізуге міндеттенеді.

1.5. Шарттың мәтіні бойынша "жергілікті мазмұн" термині елішілік құндылық үлесінің көрсеткішіне қолданылады және көрсетілген терминдер бірдей болып табылады.

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарттың 2.1 тармағында көрсетілген жалпы сомасы өзіне келесілерді қамтиды: 2.3.1 Тауар құнын; 2.3.2 қосылған құн салығын (12%); 2.3.3 жүктің сипаты мен тасымалдау тәсіліне сәйкес келетін ыдыстың, ораманың құнын; 2.3.4 сақтандыру, көліктік және Тауарды жеткізу орнына дейін жеткізуге байланысты өзге де шығыстарды; 2.3.5 кедендік баждарды, алымдарды және тарифтерді; 2.3.6 Шарттың орындалуына байланысты алынатын және қажетті басқа да салықтарды, баждарды және шығыстарды.

2.4. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.4.1. Шарттың 2.5, 2.6, 2.9 және 2.11-тармақтарында көрсетілген.

2.5. Тапсырыс беруші Жеткізушіге шарт жасасқан және келесі құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей _____ (_____) теңге мөлшерінде аванстық төлемді төлейді:

2.5.1. Шарттың нөмірі мен күні көрсетілген төлем шотының түпнұсқасы. Жеткізуші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді.


2.6. Жеткізілген Тауарлар үшін төлем, соңғы есеп айырысуды қоспағанда, Тараптардың жеткізілген Тауарлардың актісіне (-леріне) (бұдан әрі – Қабылдау-тапсыру актісі (-лері) қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күннен кеш емес мерзім ішінде жүргізіледі:

2.6.1. Шот-фактуралар;

2.6.2. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмелерін (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады);

2.6.3. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатты.

2.7. Қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына»





АҚ ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі - Жүйе) жібереді. Тауарларды қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі.

2.8. Шарттың 2.7-тармағында көрсетілген қабылдау-беру актісін (актілерін) Жеткізуші Жүйеде электрондық шот-фактура жазып берілген күннен бастап 10(он) жұмыс күні ішінде қалыптастырады және Жеткізуші Тапсырысшыға Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген Тауардың жеткізілгенін растайтын құжатты (құжаттарды) қоса бере отырып, қол қоюға жібереді.

2.9. Шарт бойынша соңғы есеп айырысу Тараптардың Қабылдау-тапсыру актісіне (леріне) қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) тапсырғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күннен кеш емес мерзімде жүргізіледі:

2.9.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанында сертификаттың (тардың) электрондық көшірмесі (лері) (Жүйеде беріледі);

2.9.2. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі);

2.9.3. Шот-фактура;

2.9.4. Жеткізуші Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу кезінде Тауарды жеткізуді толық көлемде жүзеге асырған жағдайда, Жеткізуші ұсынған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін.

2.10. Шарттың 2.9-тармағының 2.9.2-тармақшасында көрсетілген Тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі Шартқа №3 қосымшаға сәйкес ұсынылады.

2.11. Нақты жеткізілген Тауар үшін Шарт бойынша ақы төлеу Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің есеп айырысу шотына теңгемен келесі тәртіппен жүргізіледі: аралық төлемдерді (әрбір жеке шот - фактура бойынша Тауар құнының (- Шарт сомасының) 90%-на дейін – Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген мерзім ішінде, қабылдау актісі межелі жерде ресімделген және Жеткізуші Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған күннен бастап; түпкілікті төлем – Жеткізуші Тауарды жеткізуді толық көлемде жүзеге асырғаннан кейін, Тапсырысшыда Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды Жеткізуші ұсынған күннен бастап Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Тауарды жеткізу сапасы мен мерзіміне наразылықтар болмаған жағдайда. аралық төлемдер Шартқа 1-қосымшаға сәйкес және 2.6-тармақта көрсетілген мерзімде әрбір жеке шот-фактура бойынша тауар құнынан 40% (аванстық төлемді 30% ұстап қалу және түпкілікті төлеу үшін 10%) мөлшерінде жүргізілген аванстық төлем сомасын ұстап қалумен тауарды жеткізгеннен кейін жүзеге асырылады. Қабылдау актісі тағайындалған жерде ресімделген және өнім беруші 2.6-тармақта көрсетілген тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған күннен бастап Шарттың. Бұл ретте аванстық төлемнің толық сомасын Тапсырыс беруші Шарт бойынша тауарды жеткізу кезінде 90% көлемінде (шарттың жалпы сомасынан) ұстап қалуға тиіс. түпкілікті төлем – Жеткізуші Тауарды жеткізуді толық көлемде жүзеге асырғаннан кейін, Тапсырысшыда Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды Жеткізуші ұсынған күннен бастап Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Тауарды жеткізу сапасы мен мерзіміне наразылықтар болмаған жағдайда.

2.12. Жеткізуші тарапынан Шарттың 2.6 , 2.9-тармақтарында және 2.5.1-тармақшасында 2.5-тармағының көзделген құжаттар ұсынылмаған не тиісінше ресімделмеген жағдайда, Тапсырысшы Жеткізуші жетіспейтін құжаттарды ұсынғанға дейін (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтарды жою) Шарт бойынша төлемді жүзеге асырмауға құқылы. Мұндай жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырысшы Жеткізуші жетіспейтін (тиісті түрде ресімделген) құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

2.13. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.14. Шартқа №1 қосымшада көрсетілген сомалар қандай да бір кейінгі жеткізілімдер үшін және кез келген басқа заңды теңдіктер үшін негіз болып табылмайды.

2.15. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

2.16. Егер Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған шарт немесе өзге де басқа шарттар шеңберінде Орындаушының Тапсырыс беруші алдында берешегі болған жағдайда, осы шарттар арасында бар берешектерді өзара есепке алу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шарт бойынша төлем Жеткізушінің бар берешегін шегеріп, өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып жүргізіледі.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары


3.1. Жеткізуші Шарттың №1 және 2 қосымшаларында көрсетілген мерзімде Тауарды Тапсырысшының межелі орнына жеткізуі тиіс. Жеткізуші Тапсырысшының келісімімен Тауарды мерзімінен бұрын беруге құқылы.

3.2. Тауарды тиеп жөнелткен сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Жеткізуші Тапсырысшыға жөнелтуге қатысты келесі деректерді факс немесе телекс бойынша жазбаша түрде хабарлауға (беруге) міндетті: 3.2.1 Тауар-көлік жүкқұжатын – 1 көшірме; 3.2.2 Шарттың 3.7-тармағының 3.7.6 және 3.7.9-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін.





- 3.3. Тауар-көлік құжаттарындағы Жеткізушінің жөнелту пунктінде қойылған мөрқалып Тауарды жөнелткен күн болып саналады.
- 3.4. Жеткізуші Тауардың кезекті партиясын тиіс жөнелтетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) бұрын бұл туралы Тапсырысшыға жазбаша хабарлауға міндетті.
- 3.5. Тауарды тиегеннен кейін Жеткізуші Тапсырысшыға тұрақты түрде, аптасына екі рет жеткізілетін Тауардың жүріп өткен жолы және межелі орынға болжамды келу күні туралы ақпарат беруге міндетті.
- 3.6. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды Тапсырыс беруші басқармасының 2025 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен (№3 отырыс хаттамасы) бекітілген "ҚазТрансОйл" АҚ тауарларды қабылдау, сақтау және босату қағидаларына (бұдан әрі - тауарларды қабылдау қағидалары) сәйкес өнім беруші өкілінің қатысуымен жүзеге асырады. Жеткізушінің өкілі Тауарды жеткізген орында Тапсырысшыға Тауарды тапсыруға арналған сенімхатты ұсынуға міндетті. Егер Тауарды қабылдау кезінде Жеткізушінің өз өкілі қатыспаған жағдайда, Жеткізуші өзінің өкілінің қатысуынсыз қабылдап алуды жүзеге асыруға өзінің келісімін беретіні туралы хатты ұсынуға міндетті.
- 3.7. Жеткізуші Тауарды межелі орынға қабылдау кезінде Тапсырысшыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті: 3.7.1 Тауар-көлік жүкқұжатының түпнұсқасын; 3.7.2 Тапсырысшы Тауарды нақты қабылдаған күні ресімделген Тауарды басқа жакқа жіберуге жүкқұжаттың түпнұсқасын (немесе оның көшірмесін); 3.7.3 Тапсырысшы Тауарды нақты қабылдаған күннен ерте ресімделмеген шот-фактураның түпнұсқасын (немесе оның көшірмесін); 3.7.4 әрбір жәшіктің және/немесе қаптаманың салмағы (нетто және брутто), нөмірі мен мазмұны көрсетілген орау парағын; 3.7.5 дайындаушы зауыт берген Тауар сапасы сертификатын – 1 түпнұсқаны немесе Жеткізушінің мөрімен расталған 1 көшірмені; 3.7.6 техникалық құжаттаманы – паспорттың, пайдалану жөніндегі нұсқаудың және егер мұндай каталог дайындаушы зауыт көздеген жағдайда (қазақ және орыс тілдерінде), қосалқы бөлшектер каталогының бір-бір данасын; 3.7.7 тауардың шығу тегі туралы сертификат (Келісімшарт бойынша жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанындағы сертификат – 1 түпнұсқаны немесе Жеткізушінің мөрімен расталған 1 көшірмені; 3.7.8 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау Жүйесі берген сәйкестік (сапа) сертификаты – 1 түпнұсқаны немесе Жеткізушінің мөрімен расталған 1 көшірмені; 3.7.9 Тауарды буып-түюге, сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын талаптарды қамтитын Тауар дайындалған нормативтік құжаттардың көшірмелерін.
- 3.8. Шарттың 3.7-тармағының 3.7.2 және 3.7.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде, Жеткізуші олардың түпнұсқаларын Тауар жеткізілген күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей мерзімде ұсынуға міндетті.
- 3.9. Тауарды қабылдау Тауар межелі орынға келген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Тапсырысшы Тауардың санын, жиынтығын және сапасын тексеруі тиіс. Тауардың жетіспеушілігі, оның жиынтықталмағандығы немесе оның тиісті емес сапасы (оның ішінде Тауардың бүлінуі және/немесе ақаулары) анықталған жағдайда, Тапсырысшы Тауарды Шарттың 3.11-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей Тауарды жауапты сақтауға орналастырады, Жеткізуші кемшіліктерді жойғанға дейін қоймаға (базаға) жауапты сақтауға ресімдейді. Бұл ретте, Тапсырысшы Тауарды жауапты сақтауға ресімдегеннен кейін Тауарларды қабылдау қағидаларында белгіленген мерзімдерде Жеткізушінің мекенжайына Тауарды жауапты сақтауға қабылдау туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып, Тауарды қабылдауды аяқтауға қатысу үшін өз өкілінің жіберілуі туралы хабарлама жібереді.
- 3.10. Жеткізуші Тапсырысшының шақыруын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе) Тауарды қабылдауды аяқтауға қатысу үшін өкілін жіберетінін-жібермейтінін жеделхатпен немесе телефонограммамен хабарлауға міндетті. Жеткізушінің өкілі хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген және/немесе хабарламада көрсетілген мерзімде жауап алмаған жағдайда, Тауар Шарттың 3.11-тармағында көзделген Шарттарда жауапты сақтауда қалады және Тапсырысшы Тауардың жетіспеуі немесе бүлінуі үшін жауапты болмайды.
- 3.11. Тауарды жауапты сақтауға ресімдеу кезінде Шарттың 3.9-тармағында белгіленген Тауарды қабылдау мерзімі жауапты сақтау мерзіміне ұзартылады. Тапсырысшының қоймасында (базасында) Тауарды жауапты сақтау мерзімі Тауарды жауапты сақтауға қабылдау туралы акт жасалған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күнді құрайды. Жеткізуші жауапты сақтаудың көрсетілген мерзімі өткенге дейін Тауарды жауапты сақтауға орналастыру себептерін жоюға не Тауарды Тапсырысшының қоймасы (базасы) аумағынан тыс жерге әкетуге міндетті. Егер Жеткізуші Тауарды белгіленген мерзімде жауапты сақтауға орналастыру себептерін жоймаған жағдайда, ол Тауарды жауапты сақтауға қабылдауға (сақтауға) байланысты Тапсырысшы шеккен қажетті шығыстарды өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырысшы мұндай шығыстарды Тауар жеткізгені үшін Жеткізушіге тиесілі төлемнен ұстап қалуға құқылы.
- 3.12. Жеткізуші Тапсырысшының келісімімен, Тауардың бүлінуі және/немесе ақаулары анықталған жағдайда, бүлінген және/немесе ақаулы Тауарды сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлатпай ауыстыруы тиіс және соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес келуі қажет.
- 3.13. Саны бойынша: қабылдау актісінде көрсетілгенге сәйкес; сапасы бойынша: Шартқа, егер оны ұсыну кеден заңнамасына сәйкес міндетті болса, өндірушінің сапа сертификатын және шығу тегі сертификатын ұсынған жағдайда ғана Жеткізуші Шартта жеткізілетін Тауарды тапсырған және Тапсырысшы қабылдаған болып саналады.
- 3.14. Шартқа №1 қосымшада көрсетілген межелі жерде қабылдау актісінің жасалған күні Тауарды жеткізу күні болып саналады.
- 3.15. Егер қандай да бір себептермен Тауар межелі орынға жеткізілмеген жағдайда, Тапсырысшы Шарт бойынша Жеткізушіге тиесілі төлемнен Тауарды тасымалдау, оны қоймаға қою және басқа да ықтимал шығыстармен байланысты туындаған қосымша шығындардың сомасын ұстап қалуға құқылы.





3.16. Тауардың бір бірлігі үшін бағаны өзгертпей және сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не Тауарды жеткізу мерзімдерін және (немесе) Шарттарын жақсарту арқылы Тауардың бір бөлігінің типін, маркасын, модификациясын ауыстыруға болады. Бұл ретте, мұндай ауыстыру Тәртібіне, сондай-ақ Шарттың 16.3-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.17. Егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Тауарды уақытында жеткізуге кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырысшыға тоқтау фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (-тері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Тапсырысшы Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға тиіс және өз қалауы бойынша Жеткізушінің Шартты орындау мерзімін белгіленген тәртіпте ұзарта алады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Жеке өндірістің Тауарларын Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Шарттың 4.1-тармағының 4.1.1-тармақшасында көзделген міндеттеменің орындалуын растау үшін сатып алынатын Тауардың партиясына/сериясына Тараптар сатып алынған Тауардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті актіге қол қойған күнге дейін СТ-KZ нысанындағы сертификатты (түпнұсқаны, нотариат куәландырған көшірмені не ішкі айналым үшін Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмені) ұсыну қажет. СТ-KZ нысанындағы сертификат (тар) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) ұсынылуы тиіс.

4.1.3. Қордың тауар өндірушілер тізілімінде көрсетілгеннен төмен емес елішілік құндылық үлесімен жеткізілетін өз өндірісінің тауарының барлық көлеміне СТ-KZ нысанының сертификатты(сертификаттарды) ұсыну.

4.1.4. Тауарды тапсыру және қабылдау кезінде Тауарларды қабылдау қағидаларын басшылыққа алуға.

4.1.5. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзім ішінде және талаптар негізінде жеткізілетін Тауарға құжаттарды беруге міндеттенеді, оның ішінде:

4.1.5.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (тардың) электрондық көшірмесін (лерін) (Жүйеде беріледі) беруге. Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі. Ұзақ мерзімді шарт болған жағдайда СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (сертификаттардың) электрондық көшірмесі (көшірмелері) Шарт қолданылатын тиісті жылы жеткізілген Тауар көлеміне (санына) беріледі.

4.1.5.2. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі). Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.6. Тауардағы жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Жергілікті қамту үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Жеткізуші Тәртібіне пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.7. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізуші өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырысшының ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Жеткізуші қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырысшы және бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға.

4.1.8. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жеткізуші жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан аудитті (ішкі бақылауды) тұрақты жүргізуге.


4.1.9. Тапсырысшыға Жеткізушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтамауына байланысты оның кінәсінен туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды толық өтеуге.

4.1.10. Электрондық шот-фактура жазып берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жүйеде Тауарды қабылдау-беру актісін қалыптастыруға және Тапсырысшыға Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген Тауарды жеткізуді растайтын құжатты (құжаттарды) қоса бере отырып, қол қоюға жіберуге.

4.1.11. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.12. Тапсырысшының сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырысшыға Шарт бойынша жеткізілетін Тауармен бірдей және (немесе) біртекті Тауарларға Жеткізуші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты (оның ішінде белгілі бір күнге Жеткізуші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) ұсыну мүмкіндігін қарауға.

4.1.13. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың





ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.14. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Жеткізушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Тапсырыс беруші:

4.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.2.2. Өнім берушіден Қабылдау-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға.

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.2.4. Шарттың 4.2-тармағының 4.2.2-тармақшасында көрсетілген қабылдау-беру актісіне Тапсырысшы Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген Тауарды жеткізуді растайтын құжатты (құжаттарды) қоса бере отырып, Жүйеде Жеткізушіден қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

4.3. Өнім беруші:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта белгіленген төлемді (дерді) талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытында қабылдауды және Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды талап етуге;

4.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген сапаға және санға сәйкес Тауарды алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тәртібіне пен Шартқа сәйкес өз залалдарын өтеуге және тұрақсыздық айыбын талап етуге.

4.5. Тараптардың қосымша құқықтары мен міндеттері техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетіледі.

5. Жергілікті қамту

5.1. Тапсырысшы Жеткізушіден Шартты орындау шеңберінде жеткізілген Тауар көлеміндегі жергілікті қамту бойынша есептілікті растайтын құжаттардың көшірмелерін сұратуға құқылы.

5.2. Тапсырысшыдан Шарттың 5.1-тармағына сәйкес сұрау келіп түскен кезде Жеткізуші қажетті құжаттама мен ақпаратты осындай сұрау салуда белгіленген мерзімдерде ұсынуға міндетті.

5.3. Жеткізуші Шартты орындау шеңберінде Тауардың жеткізілген көлемінде жергілікті қамту бойынша есептілік бойынша ұсынылатын құжаттама мен ақпараттың анықтығына кепілдік береді.


6. Кепілдік және Сапа

6.1. Егер ұзақ мерзімдік кепілдік мерзімі техникалық ерекшелікпен белгіленбесе (Шартқа №2 қосымша), өнім беруші тауардың жеткізілген күнінен бастап 12 (он екі) айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде оның сапасына кепілдік береді.

6.2. Кепілдік мерзімі шеңберінде Жеткізуші өз есебінен және тәуекелмен Тапсырысшыдан кепілдік міндеттемелерінің басталғаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақаулы Тауарды ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

6.3. Ақаулы Тауардың орнына Тауарды ауыстыру және жеткізу Жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады. Ауыстырылған Тауарды жеткізу талаптары Шартта көрсетілген жеткізу талаптарына ұқсас.

6.4. Жеткізілетін тауардың сапасы Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі және дайындаушы зауыттың тиісті құжаттамасымен расталуы тиіс. Егер қысқа мерзім техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша)





белгіленбесе, өнім беруші дайындалған күннен бастап Тапсырыс берушінің қоймасына (базасына) келіп түскен күнге дейін 12 (он екі) айдан аспайтын тауарды жеткізуге міндетті.

6.5. Жеткізуші Тапсырысшыға өзі жеткізген Тауардың бос екендігіне және үшінші тұлғалардың кез келген құқықтары мен талаптарынан бос болатынына кепілдік береді.

6.6. Жеткізуші Шарт шеңберінде жеткізілген Тауар, егер Шартта өзгеше көзделмесе, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы түрлендірулерді көрсететін жаңа, пайдаланылмаған, ең жаңа не сериялық үлгісі бар екендігіне кепілдік береді. Жеткізуші, сондай-ақ Шарт бойынша жеткізілген Тауардың мақсаты бойынша және пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жеткізілген Тауарды пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары жоқ екендігіне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта айтылған Тауарды жеткізу мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген Тауар құнының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.2.2. Жеткізуші Шарттың талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Жеткізуші Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Жеткізуші жеткізілген Тауарды қабылдау-беруді растайтын тиісті қабылдау-беру актісіне тараптар қол қойғанға дейін төлеуге тиіс. Бұл ретте Тапсырысшы мұндай Жеткізуші туралы мәліметтерді Жеткізушінің жоғарыда көрсетілген міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіні Қортың Тауар өндірушілері тізілімінен шығару үшін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сатып алу жөніндегі Қор Операторына жібереді;

7.2.3. СТ-KZ нысанының сертификатты(сертификаттарды) көрсетілген елішілік құндылық үлесі Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.4. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырысшыға мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10% - ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Тауарды жеткізу күнтізбелік 50 (елу) күннен асатын мерзімге кешіктірілген жағдайда және/немесе Тауардың барлығын немесе бір бөлігін жеткізуден бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда Жеткізуші төлемді Тапсырыс берушіге Шарттың № 1 Қосымшасына сәйкес әрбір жеке лот бойынша жеткізілетін Тауар құнының 10 % мөлшерінде айыппұл (- Шарт сомасы). Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіге кез келген шығындар мен шығындарды өтемей, Шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы;

7.2.6. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемдерді негізсіз мерзімінен кеш төлеген жағдайда (соның ішінде аванстық төлемдерді) Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;


7.3.2. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.3.3. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасынан 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.4. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

7.5. Жеткізуші Тапсырысшының осы Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырысшыға тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.6. Тапсырысшы Жеткізушіге өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін ұсынған талап жеткізілген Тауар үшін ақы төлеу бойынша және





өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізіледі. Жеткізуші есептелген өсімпұл және /немесе айыппұл сомасымен келіспеген және/немесе оларға салыстыру актісіне қол қоймаған жағдайда, Шарттың 2.9-тармағында көзделген түпкілікті есепті Тапсырыс беруші осы құжатты ұсынбай жүргізеді.

7.7. Тапсырысшы Шарт бойынша Жеткізушіге тиесілі кез келген төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден басқа, кінәлі Тарап екінші Тарапқа жоғалған пайданы қоса алғанда, тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдармен, өсімпұлдармен) жабылмаған залалдарды өтейді.

7.9. Тараптар екінші Тараптан тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде өсімпұлды / айыппұлды төлейді.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тауарды уақытылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Сатып алу туралы шартқа Өнім берушіні таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тармақтарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

8.3.4. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.3.5. Сатып алу туралы шарт талаптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

8.3.6. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады;

8.4. Тапсырысшы Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырысшы Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Жеткізуші Шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда Қордың құрылымдық бөлімшесі тұлғасында Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Өнім берушіге Шартты бұзу күніндегі оның нақты орын алған шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.



9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.





9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

9.6. Шарт бойынша Тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламалар немесе хабарламалар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберіледі. Шұғыл болған жағдайда, көрсетілген хат-хабар факс арқылы, кейіннен міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберілуі тиіс. Шарт бойынша хат-хабар Тараптардың келесі мекенжайлары бойынша жіберілуі тиіс: Тапсырысшы – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы, мекенжайы: 010000, Астана қ., «Нұра» ауданы, даңғ., 20, 12-тұрғын емес үй-жай, телефон: 8(7172) 555-_____, факс: 8(7172) 555-_____, электрондық пошта мекенжайы: office@kaztransoil.kz. Жеткізуші - Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген. Тараптар Шарт бойынша хат-хабар алмасу үшін бір-біріне өзге де мекенжайларды (мекенжайларды) хабарлай алады.

10. Тауардың қаптамасы және таңбалануы

10.1. Тауар Тапсырысшыға тиеуді, тасымалдауды, түсіруді қоса алғанда, тиеу, тасымалдау, түсіру кезінде бүлінуден Тауардың сақталуын қаптамасыз ететін тиісті қаптамада жеткізілуі тиіс. Бұл жағдайда, қаптама кранмен қозғалу үшін қолайлы болуы тиіс.

10.2. Әрбір жәшіктің немесе қаптаманың сыртқы жағына орау парағының көшірмесі бар су өткізбейтін қағаздан жасалған конверт бекітіледі. Конверт қорапқа бекітілген металл пластинкамен жабылуы тиіс. Қаптама парағының екінші көшірмесі Тауар салынған жәшікке салынуы тиіс. Егер Тауар қапталмай жіберілсе, конверт тікелей Тауардың бос бөліктеріне бекітіледі.

10.3. Таңбалау Тауар бар әрбір жәшіктің немесе қаптаманың үш жағына (қақпақта, әрбір жәшіктің алдыңғы және сол жақтарында) жуылмайтын бояумен енгізіледі. Тауар салынған әрбір жәшік келесі үлгіде таңбалануы тиіс: Жөнелтушінің атауы -Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің атына сәйкес. Алушының атауы – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы, Шарт № _____ - брутто салмағы _____ - нетто салмағы _____ - қорап немесе қаптама № _____.

10.4. Техникалық құжаттама, егер ондай көзделген болса, атап айтқанда паспорттар, қосалқы бөлшектер каталогы және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Тауарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар Тауары бар қаптамаға салынады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол тежеусіз күш жағдаяттарының (жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, құқықтық актілерді қабылдау немесе мемлекеттік органдардың өкімдерді шығаруы) салдары болып табылса, бұл жағдаяттардың себебінен Тараптардың кез келгені Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаса, жауапкершіліктен босатылады.

11.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тежеусіз күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

11.3. Тараптардың кез келгені тежеусіз күш жағдаяттары туындаған кезде олар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапты осы жағдаяттардың туындағаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы жағдаяттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы немесе өзге де уәкілетті ұйымы растауға тиіс.

11.4. Хабарламау немесе уақытында хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы 2 (екі) айдан асатын болса, онда Тараптардың Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.


12.2. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Тапсырысшының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы





заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

